



«Бекітемін»

Колледж директоры

Нугымаров А.С.

» 09 2021ж.

Оқу –тәрбие комиссия жұмысының

Ережесі

1. Жалпы Ережелер

- 1.1 Оқу – тәрбие комиссиясы (ары қарай - ОТК) «Көлік колледжі» КМҚК Күндізгі бөлімде оқитын білім алушылардың сабақ үлгерімдері мен тәртіптері туралы мәселелері шешетін кеңесшілер органы.
- 1.2 ОТК Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі саласымен заңдастырылған колледждің Жарғысы, тәрбие негіздерінің тұжырымдамасы және басқа нормативтік актілер негізінде қызметін ұйымдастырады.
- 1.3 Оқу – тәрбие комиссия мүшелерінің құрамы және оның жетекшісі колледж директорының бұйрығымен бекітіледі.
- 1.4 ОТК отырысы айына 1 рет болып тұрады. Егерде бөлім меңгерушілер және топ жетекшілерден талқылау сұрақтары түскен жағдайда кезектен тыс отырыстар өткізіледі

2.ОТК –ның негізгі бағытталған қызметтері мен міндеттері

- 2.1 ОТК-ның негізгі жұмысы білім алушылардың оқу үлгерімдері мен тәртіптерін бақылау және оқу пәндерінен айлық және семестрлік нәтижемен бағытталған жұмыс жүргізу.

3. ОТК-ға келесі құжаттар ұсынылады:

- 3.1 Топтардың үлгерім қорытындысы (әр сudentке жеке)
- 3.2 Себепті және себепсіз сабақ босатқан сағат санының қорытындысы
- 3.3 Топ туралы ақпаратты топ жетекшісінің басшылығымен топ старостасы дайындап, бөлім меңгерушісіне беріледі.

4.ОТК отырысына келесі студентер шақырылады:


- 4.1 Ай сайынғы нәтижелерге негізделген 3 немесе одан да көп қанағаттанарлықсыз бағалары барлар және аралық аттестация көрсеткіші төмендер;
- 4.2 Бір айда 10 немесе оданда көп себепсіз сабақ босатқандар;
- 4.3 Ішкі тәртіп ережесін бұзғандар;

5. ОТК құқылы:

- 5.1 Сабақ үлгерімдері төмен студенттердің қарыздарын жабуды ұйымдастырып, көмек көрсетуге;
- 5.2 Сабақты жақсы оқитын студенттерге үлгерімі нашар студенттерді бекітуге;
- 5.3 Егер студент тәртіпке бағынбай, ескертулері болса, сабақты себепсіз көп босатса, академиялық қарыздары болса директорға мәлімдеме беріп, шығаруға;
- 5.4 ОТК отырысына сабақты себепсіз босатытын, сабақ үлгерімі нашар студенттердің ата – анасын шақыруға;

6.ОТК міндетті:

- 6.1 Студенттерден колледждің ішкі тәртібін талап етуге;
- 6.2 Контингентті сақтау үшін студенттермен жеке сөйлесуге;

Директордың оқу – ісі жөніндегі орынбасары  М.Т. Молдағалиева